

«Балдар» бөбекжай-балалар бағдарламасының
менгерушісі *Жанібекова*

«01» «02» 2022 жыл

**«Балана» кіші тобының «Ертегі кейіпкерлері бізде қонақта»
тақырыбындағы апталық іс-шара жоспары**

ҚС	Тақырыбы	Мақсаты	Мерзімі	Жауапты адам
1	«Ертегі кейіпкерлері бізде қонақта!» Бейне ролик көрсету.	Ертегі кейіпкерлерін еске түсіру арқылы, жағымды жағымсыз әрекеттерді ажырата білуге баулу.	28.02.2022	Тәрбиеші Мусаева Н.Д
2	«Қызыл телпек» ертегісін ұжым қызметкерлерімен сомдау.	Ертегідегі аңдар мен жануарлардың мінез-құлқын көру арқылы жақсы мен жаманды ажырауға тәрбиелеу.	01.03.2022	Тәрбиеші Мусаева Н.Д
3	«Ертегілер еліне саяхат». Теледидардан ертегілер көрсету.	Балалардың есте сақтау қабілеттерін дамытып, қиялдай білуге үйрету.	02.03.2022	Тәрбиеші Мусаева Н.Д
4	Қуыршақ театры. «Бауырсақ» ертегісі	Балаларға ертегіні көру арқылы тілдік қорын дамытып, байланыстырып сөйлеуге үйрету. Әріптерді дұрыс айтуға дағдыландыру.	03.03.2022	Тәрбиеші Мусаева Н.Д
5	Қорытынды		04.03.2022	

Дайындаған: тәрбиеші Мусаева Н. Д

Бекітемін
«Баллаурин» балабақшасының
менгерушісі  Жантибекова Г.
« 14 » « 02 » 2022 жыл



«Балапан» кіші тобы
Апталық іс-шарасы
«Ертегі кейіпкерлері бізде
қонақта !» бейне ролик көрсету.

Тәрбиеші: Мусаева .Н.

Созақ ауданының адами әлеуметтік даму бөлімінің «Балдәурен » бөбекжай-балабақшасының «Балапан»кіші тобының «Ертегі кейіпкерлері бізде қонақта»тақырыбындағы апталық іс-шара анықтамасы.

Анықтама.

2022 жылдың 28 ақпан күні балабақша тәрбиешісі Н. Мусаева «Балапан» кіші тобында **Білім беру саласы: «Қатынас», «Әлеуметтік орта»**

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің түрі: Көркем әдебиет.

Тақырыбы: «Ертегі кейіпкерлері бізде қонақта!»

Мақсаты: Ертегі кейіпкерлерін еске түсіру арқылы, жағымды жағымсыз әрекеттерді ажырата білуге баулу.

Оқу қызметіне 25 бала қатысты.

Тәрбиеші әр ертегіден бейне ролик көрсету арқылы шығарма мағынасын түсіндіруге, кейіпкерлердің қарапайым іс-әрекетін бағалауға, олар жайлы айтуға, кейбір адамгершілік қасиеттерге сипаттама бере білуге үйрету.

Балаларды шығарма мазмұнын салыстыра отырып, өзінің күнделікті өмірімен және қоршаған ортамен байланыстыра білуге үйрету.

- Балалар сендер қандай ертегілерді білесіңдер ?
- Қандай ертегіні ұнатасыңдар ?
- Қай ертегі кейіпкерлері ұнатпайсыңдар?

Балалар қойылған сұрақтарға жауап береді. Ертегі кейіпкерлерін таниды және аттарын атайды. Балалардың жауабы тыңдалады.

Ресурстар: теледидар .

Қорытындылау :

- Бүгін біз сендермен ертегі кейіпкерлерімен бейне ролик көрдік. Балалар ертегі ұнады ма ?
- Өз ойларын айта білгені үшін балаларды мақтау, мадақтау.



«Қызыл телпек» ертегісі «Балапан» кіші тобы

Тәрбиеші: Мусаева .Н.

Қызыл телпек

Ертеде кішкентай бір сүйкімді қыз өмір сүріпті. Анасы оны өте жақсы көреді екен. Әжесінің де ең сүйікті немересі еді. Бірде әжесі немересінің туған күніне қызыл телпек сыйлапты. Қыз әжесінің сыйлығын басынан тастамай киіп жүретін болаты. Содан бері көршілері кішкентай қызды «Қызыл телпек» деп атап кетіпті. Бір күні анасы бәліш пісіріп, қызына:

– Қызым, мына бәліш пен бір құты майды әжеңе апарып, хал-жағдайын біліп қайтшы, – дейді.

Қызыл телпек:

– Жарайды, анашым, апарып берейін, – деп бәліш пен май салынған себетті алады.

Анасының сөзін екі етпейтін Қызыл телпек әжесіне аттанады. Оған әжесі тұратын ауылға жету үшін орман арқылы өту керек еді. Қызыл телпек орманда жалғыз жүрудің қаншалықты қауіпті екенін білмеді. Сондықтан ол өлең айтып, гүл теріп, асықпай жүрді. Бір кезде орманның ішімен келе жатқан қылдың алынан бір қасқыр шыға келеді. – Қызыл телпек, сен қайда барасың? – деп сұрайды қызды жетісі келген қасқыр.

– Мен әжемнің үйіне барамын, оған анамның пісірген бәлішін және бір құты май алып бара жатырмын, – дейді қыз.

Қызыл телпек қасқырдың жаман ниғылынан бейхабар еді. – Ал әжең қайда тұрады? – деп сұрайды қасқыр.

– Әжем бе? Ол орманның ар жағындағы ауылда, ауыл шетіндегі диірменнің жанында, диірменнің жанындағы бірінші үйде тұрады, – деп Қызыл телпек қасқырға әжесінің тұратын жерін дәл айтып береді. Бұл кезде жақын маңда отыншылар ағаш кесіп жатқан болатын. Қасқыр сол отыншылардың даусын естіп, қызға тиіспейді. Қызыл телпектің әжесінің тұратын жерін біліп алған ол алдымен әжесін жемек болады.

– Жарайды, мен де сенімен бірге сол ауылға барып, әженің жағдайын сұрап қайтайын. Кел, екеуіміз жарысайық, әжеңе қайсымыз бірінші жетер екенбіз? Сен мына жолмен бар, мен ана жолмен жүрейін, – деп қасқыр өзіне ауылға апарар төте жолды таңдап алады.

Қасқырдың ұсынысына келіскен қыз ұзақ жүретін жолға түседі. Ол жол - жөнекей асықпай гүл теріп келеді. Ал қасқыр алды - артына қарамай, тура ауылға қарай бет алады. Қызыл телпектің әжесінің үйіне осылай ерте жеткен ол есікті қағады. – Ток - ток - ток!

– Бұл кім? – деп сұрайды әжесі.

– Қасқыр дауысын жіңішкертін:

– Әже, бұл мен ғой, немере қызым – Қызыл телпек, мен сізге қонаққа келдім, анамның пісірген бәліші мен бір құты майын ала келдім, – дейді.

Бұл кезде ауырып, төсек тартып жатқан әжей шынымен немересі келген екен деп ойлап: – Айналайын қызым, тұтқаның жанындағы жіпті тартсаң, есік ашылады, – дейді дауыстап.

Қасқыр жіпті тартып қалады, сол кезде есік ашылады. Үш күн аш жүрген қасқыр баса көктеп кіріп келеді. Ашқарақтанып бірден әжейді бас салады да бүтіндей жұта салады. Содан соң есікті жауып, басына әжейдің қалпағын киіп, көзіне көзілдірігін тағып, төсегіне жатады да қылдың келуін күтеді. Сәлден соң есікті Қызыл телпек қағады. – Ток - ток - ток!

– Бұл кім? – дейді жуан дауыспен, тойып алған қасқыр.

Қыз түрілдеген дауысты естіп, қорқып кетеді. Артынша «Әжеме суық тиіп, дауысы содан өзгерген болар» деп ойлайды.

– Бұл мен, сіздің немереңіз – Қызыл телпекпін! Мені сізге анам жіберді. Бәліш пен бір құты май алып келдім. Қасқыр дауысын өзгерте қойып, жіңішке дауыспен:

– Тұтқаның жанындағы жіпті тарта ғой, қызым, сонда есік ашылады, – дейді. Қыз жіпті тартады, есік ашылып, үйге кіреді. Көрнемен бүркеніп жатқан қасқыр оған:

– Қызым, себетті үстелдің үстіне қойып, өзін менің қасыма кел, – дейді. Қызыл телпек бәліш пен май құйылған құты салынған себетті үстелдің үстіне қойып, қасқырдың жанына жақындайды. Қасқыр енді:

– Жолдан шаршаған боларсың, қасыма кеп жата ғой, – дейді. Әжем деп ойлаған Қызыл телпек қасқырдың жанына жатады да:

– Әже, әже, сіздің қолыңыз неге үлкен? – деп сұрайды.

– Сені қатты құшағыма басу үшін, қызым.

– Әже, әже, құлағыңыз неге сондай үлкен?

– Сені жақсы есту үшін, қызым.

– Әже, әже, көзіңіз неге үлкен?

– Сені жақсы көру үшін, қызым. – Әже, әже, тісіңіз неге сондай үлкен?

– Сені тезірек жеу үшін, қызым - ау! – деп Қызыл телпекті бас салып, аяғындағы кебісі, қызыл телпегімен бірге жұта салады. Байгүс қыз айғайлап та үлгермейді. Бірақ, бақытына қарай, дәл осы сәтте үйдің қасынан бір отыншы өтіп бара жатқан еді. Отыншы қасқырдың дауысын естіп, үйдің терезесінен қарайды. Үй ішінде, төсекте орнынан қозғала алмай жатқан қасқырды көреді. Оның камптанған қарнына қарап, не болғанын бірден түсіне қояды. Отыншы жұртқышты ұстап алып, қарнын жарып жібереді. Қасқырдың ішінен Қызыл телпек пен әжесі дін аман шыға келеді. Отыншы қасқырдың қарнын қайта тігіп, бос қоя береді.

Қызыл телпек пен әжесі отыншыға алғыстарын білдіреді. Әжесі шай қойып, немересі әкелген бәліштерді себеттен шығарып, дастарқан жаяды. Сөйтіп үшеуі жақсылап тұрып шай ішеді. Әңгіме-дүкен құрады. Қасқырдың сыбағасын қалай бергендерін айтып мәз болады.

«Балдзүрөң» бөбөктөй-бүбүкшасынын
менгерүүчүсү

Бекітемін

Т.Жаннбекова

» 2022 жыл



«Бауырсақ» ертегісі «Балапан» кіші тобы

Тәрбиеші: Н.Мусаева

2021 – 2022 оқу жылы

Бауырсақ

Бір шал мен кемпір болыпты. Бірде шал жалынды:

— Кемпір-ау, маған бауырсақ пісіріп берсеңші, — дейді.

— Неден пісірейін? Үн жоқ қой.

— Әй, кемпірім-ай! Қойманың түбін қырып көрсеңші, бауырсақтық үн табылып қалар.

Кемпірі қойма түбін қырып-қырып екі уыс үн табады да, қаймаққа шылап, камыр илеп, майға бауырсақ пісіреді. Оны терезенің алдына суытып қояды. Бауырсақ суып тұрып тұрып, бір кезде домалай жөнеледі. Домалап келіп терезе алдындағы орындыққа, орындықтан еденге, еденнен дәлізге, дәлізден аулаға, ауладан сыртқа, одан әрі домалай береді, домалай береді.

Бір кезде оған Қоян жолығып:

— Бауырсақ, Бауырсақ! Мен сені жеп қоямын! — дейді.

— Қоян, сен мені жеме. Мен саған өлең айтып беремін, онан да соны тыңда.

Әжей қойма қырнаған,
Екі уыс үн жинаған,
Балқаймаққа шылаған,

Пісіріп маймен сылаған,
Суытып та сынаған,
Бауырсақтың зулаған!
Атайдан да құтылдым,
Әжейден де құтылдым,
Қоян сенен құтылу
Қиын емес бұл маған!
Бауырсақ алға қарай домалай жөнеледі, қоян анырап қала береді.

Бауырсақ орман ішіндегі соқпақпен зымырап бара жатса, қарсы алдынан қасқыр шыға келеді:

— Бауырсақ! Мен сені жеп қоям!

— Сен мені жеме, мен саған өлең айтып берейін.

Бауырсақ әңдете жөнеледі:
Әжей қойма қырнаған,
Екі уыс үн жинаған,
Балқаймаққа шылаған,

Пісіріп маймен сылаған,
Суытып та сынаған,
Бауырсақтың зулаған!
Атайдан да құтылдым,
Әжейден де құтылдым,
Қояннан да сытылдым,
Қасқыр, сенен құтылу,
Қиын емес бұл маған!
деп, Бауырсақ домалай жөнеледі. Қарсы алдынан қорбаңдап аю шығады. Ол:

— Әй, Бауырсақ! Мен сені жеп қоямын! — дейді.

— Жок, сен мені жеме, мен саған өлең айтып берейін, — деп жауап береді Бауырсақ.

Әжей қойма қырнаған,
Екі уыс ұн жинаған.
Балқаймаққа шылаған,

Пісіріп маймен сылаған,
Суытып та сынаған,
Бауырсақның зулаған!
Атайдан да құтылдым,
Әжейден де құтылдым,
Қояннан да сытылдым,
Қасқырдан да құтылдым,
Маймақ, сенен құтылу
Қиын емес бұл маған!
Бауырсақ домалай жөнеледі, шө оның ізіне үніліп қала береді.

Бауырсақ зымырап бара жатса, қарсы алдынан түлкі шыға келеді:

— Амансың ба, Бауырсақ! Көргендерге ұнайды, жүзің қызып шырайлы!

Бауырсақ мақтағанға мәз болып, өлеңін айта бастайды. Түлкі болса құмарта тыңдаған боп, қыбырын білдірмей, бауырымен сырғып, оған жақындай береді.

Әжей қойма қырнаған,
Екі уыс ұн жинаған.
Балқаймаққа шылаған,

Пісіріп маймен сылаған,
Суытып та сынаған,
Бауырсақның зулаған!
Атайдан да құтылдым,
Әжейден де құтылдым,
Қояннан да сытылдым,
Қасқырдан да құтылдым,
Аюдан да сытылдым,
Түлкі сенен құтылу
Қиын емес бұл маған!
Әдемі өлең екен! — дейді түлкі.

— Айналайын-ай, қартайған шағым ғой, құлағымның мүкісі бар. Кәне, менің мына тұмсығыма шық та, өлеңінді тағы бір шырап жіберші.

Бауырсақ өлеңін мақтағанға мәз болып, түлкінің тұмсығына қарғып шығады да:

— Әжей қойма қырнаған — деп өлеңдете бастағанда түлкі бауырсақты «аң» деп бір-ақ асапты.

Бекітемін
«Балдаурет» бұйырықшасының
менгерушісі  Жайтбекова Г.
« 01 » « 03 » 2022 жыл



«Балапан» кіші тобы
Апталық іс-шарасы
«Ертегілер еліне саяхат»

Тәрбиеші: Мусаева .Н.

Бидәулетова. П.

Созақ ауданының адами әлеуметтік даму бөлімінің «Балдаурен» бөбекжай-Балабақшасының «Балапан» кіші тобының «Ертегілер еліне саяхат» тақырыбындағы апталық іс-шара анықтамасы.

Анықтама.

2022 жылдың 2 наурыз күні балабақша тәрбиешісі Н. Мұсаева «Балапан» кіші тобында «Қатынас», «Әлеуметтік орта».

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің түрі: Көркем әдебиет

Тақырыбы: «Ертегілер еліне саяхат» теледидардан ертегілер көрсету.

Оқу іс әрекетінің мақсаты : Балалардың есте сақтау қабілеттерін дамытып, қиялдай білуге үйрету. Балалардың ертегіні түсініп, мазмұнын мәнерлі айтуға үйрету. Сөйлесуге, аңгімелей білуге жетелеу. Балаларды ертегі желісі арқылы адамгершілікке баулу.

Оқу қызметіне 23 бала қатысты.

- Балалар ,сендер ертегіні жақсы көресіңдер ме?
- Ендеше ертегілер еліне саяхатқа барғыларың келе ме ? Онда ертегілер еліне барайық. Ертегілер еліне барар жолымыз ұзақ, жаяу барсаңдар шаршап қаласыңдар бәріміз поездға отырыңдар әндетіп барайық. Ал балалар ертегілер еліне де келіп жеттік.
- Ал енді терең тыныс алып көзімізді ашамыз. Біз ертегілер еліндеміз. Қандай ертегіні елестеттіңдер ?
Кейіпкерлерді атайықшы ?
Балалар сұрақтарға жауап береді. Мұқият тыңдалады.
Ендеше жайғасып отырып менде сендермен теледидардан ертегіні көрейік.
Іс –әрекетті қорытындылау. Кейіпкерлердің әрекетіне баға беру.
-Балалар біздің қайтар жолымыз өте ұзақ, сондықтан сиқырлы поездға отырып әндетіп қайтайық.